




**Неліктен Жанна
д'Арк бүгінгі
күнге дейін
француз
халқының есінде?**



Оқу мақсаттары:

- 6.3.1.4 – феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату**
- 

Табыс критерийлері:

- 1. Жүз жылдық соғыстың кезеңдері мен хронологиялық шеңберін біледі.**
- 2. Жүз жылдық соғыстың шығу себептерін біледі.**
- 3. Француздардың жеңілу себептерін табады.**
- 4. Орталықтынған мемлекетті құрудың алғышартын талдайды.**
- 5. Тарихи тұлға Жанна д Арктың тарихта алатын орнын анықтайды.**
- 6. Ақ раушандар мен Алқызыл раушан гүлділер соғысының нәтижесімен танысады.**
- 7. Саяси картамен жұмыс жасайды.**

Соғыстың шығу себептері

1328 жылы француз королі Карл IV қайтыс болды да, таққа мұрагер табылмады. Осыны пайдаланған ағылшын королі Эдуард III (1327 – 1377) өзін қайтыс болған корольдің жиені ретінде тақтың мұрагерімін деп жариялады. Бірақ француз ақсүйектері әйелдер жағынан тараған ұрпақтың Франция тағын иеленуіне тыйым салатын ежелгі дәстүрге сүйеніп, қайтыс болған корольдің алыс туысы, Валуа әулетінен шыққан Филипп IV -ны король тағына отырғызды. Эдуард III алғашында бұл шешіммен келісті. Көп ұзамай жаңа корольдің белсенді әрекеттерінен өзінің Франциядағы иеліктеріне қауіп төнетінін түсінді. 1339 ж. ағылшындар Францияға сәтсіз жорық жасады. Келесі жылы жорықтарын тағы қайталады. Бұл жолғы шабуыл сәтті аяқталып, француз флоты толық жойылды. Филипп IV бітім сұрауға мәжбүр болды. Алайда бұл бітім ұзаққа созылмады. 1346 ж. ағылшын әскерлері Нормандияға басып кірді. Олар Париж қаласына дейін келіп жетіп, Францияның солтүстік аймағына қарай шабуылға шықты. *Француз әскерлері, негізінен, рыцарлардан құралған еді. Ал ағылшын әскерлерінің негізін ерікті шаруалардан құралған садақшылар құрады.*

□ **1346 ж. 26 тамызда Креси маңында** олардың арасында үлкен шайқас болды. Шайқас барысында француз жасақтары оннан аса шабуыл ұйымдастырды. Бірақ бір орталықтан басқарылмаған, бей-берекет шабуылдар ешқандай нәтиже бермеді. *Ұзын садақпен қаруланған тәртіпті ағылшын садақшылары оларды 150 м-ден артық жақындатпай, алдымен рыцарлар мінген аттарды мертіктірді. Осыдан кейін шайқасқа ағылшын атты әскерлері араласты. 1,5 мыңға жуық француз рыцарлары қазаға ұшырап, ағылшындар 3 сарбазынан ғана айырылды. Жеңіске жеткен Эдуард III*

□ **1347 жылы** аса ірі порты бар Кале қаласын қоршауға алды. Кале қаласы 10 айдан аса ерлікпен қорғанғанына қарамастан берілуге мәжбүр болды. Бұл қала 1558 жылға дейін ағылшындардың Франциядағы әскери тірегіне айналды. Кале бекінісі құлағаннан кейін екі арада 8 жылдай бейбітшілік орнады.

- **1356 ж. 19 қыркүйекте Пуатье қаласы түбінде француздар тағы жеңілді.**
- **1360 жылы Франция мен Англия арасында бітім жасалды. Ол бойынша Франция жерінің үштен бір бөлігі ағылшындар қарамағына көшті.**
- **1415 жылы Азенкур түбінде француз әскері санының көптігіне қарамастан, тас-талқаны шығып, жеңіліп қалды.**
- **1420 жылы француздар үшін намысты қорлайтын Труа бітім шарты жасалды. Ол бойынша Франция өзінің тәуелсіздігін жоғалтып, Біріккен ағылшын-француз корольдігінің бір бөлігі ғана болып қалды.**
- **1428 жылы ағылшындар Орлеан қаласын қоршайды.**
- **1429 жылы Жанна д'Арк Орлеан қаласын тоғыз күннен кейін азат етеді. Француз әскері жеңістен-жеңіске жете бастады. Реймс қаласының ескі шіркеуінде корольдің таққа отырып, тәж кию рәсімі өткізілді. Тақтың қасында корольдің туын ұстаған **Жанна** тұрды.**
- **1430 жылғы Компьен түбіндегі ұрыста Жанна тұтқынға түсті. Ағылшындардың шіркеу соты оны **сиқыршы** деп айыптап, **1431 жылы** отқа өртеп жіберді. Осы қайғылы оқиға француз халқының намысын бұрынғыдан да бетер оятты. Ол ұлт-азаттық соғысына жалғасты. Француздар ақыры жеңіске жетті. 1453 жылы 17 шілдеде Бордо түбегіндегі шайқас француздар пайдасына шешілген соң, ағылшындар Франциядан кетуге мәжбүр болды. Осы жыл соғыстың біткен жылы деп саналды.**

1455-1485 жж. Алқызыл және Ақ раушан гүлділер соғысы

Основание династии Тюдоров



Алая роза
Ланкастеров

Женившись на племяннице Ричарда III Елизвете Йоркской, Генрих VII заявил об объединении ранее враждовавших домов Йорков и Ланкастеров.

Эмблемой династии Тюдоров стала объединенная алая и белая роза.



Белая Роза
Йорков



1485 жылы **Генрих Тюдор VII** Генрих деген атпен **Англияның королі** болып жарияланды

Франция

II Филипп король (1180-1223 жж.):

1. Жергілікті феодалдардың күресіне қолдау көрсетті.
2. 1204-1214 жж. Нормандияны, Анжуды, Аквитанияның бір бөлігін жаулап алып, өз иелігіне қосты.
2. Тулуза графтығын қосып алды.
4. 1259 жылы Англиямен шарт жасалды.

IV Көркем Филипп король

(1285-1314 жж.):

1. Шампань графтығын, Наварра мен Лион корольдіктерін қосып алды.
2. 1302 жылы Бас штаттарды шақырды.

Англия

1066 жылы Нормандия герцогі **Вильгельм** 15 мың рыцарьлармен Ла-манш бұғазы арқылы Англияға басып кірді. «**Жаулап алушы**» деген лақап атқа ие болды.

1. Темза өзені бойына **Тауэр қамалын** тұрғызды.
2. 1086 ж. жер, халық, мүлік санағын жүргізді. «Қаһарлы сот кітабы» деп аталды.
- 3.